

**Бибіхан Мейрамбекқызы Мырзабек^{1*}, Перизат Түктібайқызы Медетбекова²,
Толқын Нышанбекқызы Калбирова³**

^{1*}автор-корреспондент, докторант, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-6846-1132 E-mail: myrzabekovabibikhan@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-2788-3478 E-mail: medet_73@mail.ru

³Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-9440-4708 E-mail: kalbirovatol@mail.ru

МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Аталмыш мақала мәтін, мәтін лингвистикасы және мәтінді бейімдеу тақырыптарын қозғайды. Мақаланың негізгі тақырыбы қазіргі лингвистикалық парадигмадағы өзекті мәселелердің бірі – мәтінді бейімдеуге арналған. Сонымен қатар мәтін лингвистикасын зерттеуші ғалымдардың тұжырымдары мен ұстанымдары талданып, аналитикалық шолу жасалды. Қазіргі таңдағы мәтінді бейімдеу жолдары талқыланды. Соңғы жиырма-отыз жыл ішінде тіл білімінің бұл бағытына деген қызығушылық шетелдік және отандық ғалымдардың назарын ерекше аударды. Осыған орай осы мақалада зерттеушілердің еңбектеріне аналитикалық шолу ұсынылды. Мақалада жалпылау, салыстыру, талдау, редукция және басқа әдістер қолданылды. Сонымен қатар қазіргі уақытта дамып келе жатқан мәтін лингвистикасының бірнеше бағыты қарастырылды. Мақаланың зерттеу нәтижелері және талқылау бөлімінде «Таза бұлақ» әңгімесінің бастапқы үш сөйлемінің бейімделген нұсқасы берілді. Редукция әдісі арқылы түпнұсқа мәтінді екіншілік мәтін етіп бейімдеп беруге болатындығы көрсетілді. Түпнұсқа мәтін мен екіншілік мәтін арасындағы байланыс талданды. Мәтінді бейімдеу үдерісіндегі негізгі бағыттардың бірі – оны тілдік деңгейге сәйкестендіре беру, бұл қазіргі таңда аса өзекті мәселе болып отыр. Өйткені оқырман екінші тілді меңгеру барысында өзінің деңгейіне сай лексикалық бірліктерді игеру арқылы тіл үйренуге деген ынтасын арттыра алады. Осыған байланысты мақалада тіл үйрету үдерісінде мәтінді бейімдеудің маңызы қарастырылды.

Тірек сөздер: мәтін; мәтін лингвистикасы; адаптация; мәтінді бейімдеу; трансформация; түпнұсқа мәтін; екіншілік мәтін

Сілтеме жасау үшін: Мырзабек Б.М., Медетбекова П.Т., Калбирова Т.Н. Мәтін және оның бейімделу ерекшеліктері. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). 256-269-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-256-269>

**Бибіхан Мейрамбековна Мырзабек^{1*}, Перизат Туктибаевна Медетбекова²,
Толқын Нышанбековна Калбирова³**

^{1*}автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6846-1132 E-mail: myrzabekovabibikhan@gmail.com

²кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-2788-3478 E-mail: medet_73@mail.ru

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-9440-4708 E-mail: kalbirovatol@mail.ru

ТЕКСТ И ОСОБЕННОСТИ ЕГО АДАПТАЦИИ

Аннотация. В статье рассматриваются темы текста, лингвистики текста и адаптации текста. Основной темой статьи является одна из актуальных проблем современной лингвистики – адаптация текста. Кроме того, анализируются выводы и принципы ученых, изучающих лингвистику текста, и делается аналитический обзор. Обсуждаются современные способы адаптации текста. За последние двадцать-тридцать лет интерес к этой области лингвистики привлек внимание зарубежных и отечественных ученых. В связи с этим в данной статье представлен аналитический обзор трудов исследователей. В статье используются методы обобщения, сравнения, анализа, редукции и другие. Кроме того, рассматривается несколько направлений лингвистики текста, которые в настоящее время развиваются. В разделе результатов исследования и обсуждения приводится адаптированная версия первых трех предложений рассказа «Таза Булак». Показано, что исходный текст может быть адаптирован во вторичный текст с помощью метода редукции. Анализируется взаимосвязь между исходным и вторичным текстом. Одним из основных направлений адаптации текста является его соответствие языковому уровню, что в настоящее время весьма актуально. Усвоение лексических единиц, соответствующих его уровню, в процессе изучения второго языка может повысить мотивацию читателя к изучению языка. В связи с этим в статье рассматривается значение адаптации текста в процессе

изучения языка.

Ключевые слова: текст; лингвистика текста; адаптация; адаптация текста; трансформация; первичный текст; вторичный текст

Для цитирования: Мырзабек Б.М., Медетбекова П.Т., Калбинова Т.Н. Текст и особенности его адаптации. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). С. 256-269. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-256-269>

Bibikhan Myrzabek^{1*}, Perizat Medetbekova², Tolkyn Kalbirova³

^{1*}Corresponding author, Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-6846-1132 E-mail: myrzabekovabibikhan@gmail.com

²Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-2788-3478 E-mail: medet_73@mail.ru

³Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-9440-4708 E-mail: kalbirovatol@mail.ru

TEXT AND THE FEATURES OF ITS ADAPTATION

Abstract. This article touches upon the topics of text, text linguistics and text adaptation. The main topic of the article is one of the urgent problems of modern linguistics – text adaptation. In addition, the conclusions and principles of scientists studying the linguistics of the text are analyzed, and an analytical review is made. Modern ways of text adaptation are discussed. Over the past twenty to thirty years, interest in this field of linguistics has attracted the attention of foreign and domestic scientists. In this regard, this article provides an analytical review of the researchers' work. The article uses methods of generalization, comparison, analysis, reduction, and others. In addition, several areas of text linguistics are being considered, which are currently developing. The research and discussion section provides an adapted version of the first three sentences of the story “Taza Bulaq” (The Pure Spring). It is shown that the source text can be adapted into a secondary text using the reduction method. The relationship between the source and secondary text is analyzed. One of the main areas of text adaptation is its compliance with the language level, which is currently very relevant. The assimilation of lexical units corresponding to his level in the process of learning a second language can increase the motivation of the reader to learn the language. In this regard, the article examines the importance of text adaptation in the process of language learning.

Keywords: text; text Linguistics; adaptation; text adaptation; transformation; original text; secondary text

For citation: Myrzabek, B., Medetbekova, P., Kalbirova, T. Text and the Features of its Adaptation. *Tiltanyim*, 2025. No.3 (99). P. 256-269. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-256-269>

Кіріспе

Лингвистика – тілдің құрылымын, қызметін және дамуын түсіндіретін ғылыми тұжырымдамалар мен қағидалар жиынтығы. Лингвистика ғылым ретінде тілді дыбыстар деңгейінен (фонологиядан) бастап, қарым-қатынастағы тілдің мағынасы мен қолданылуын (прагматика) қоса алғанда, әртүрлі деңгейде зерттейді. Тіл білімінде тілдің әртүрлі аспектілерін қарастыратын бірнеше негізгі бағыт бар. Сол бағыттардың бірі – мәтін лингвистикасы. Мәтін лингвистикасы мәтіннің құрылымы мен ұйымдастырылуын, сөйлемдердің өзара байланысын, сондай-ақ мәтін деңгейінде мағынаның қалай қалыптасатынын талдауға бағытталған.

Тіл білімінде түрлі жаңа бағыттардың дамып, зерттеу аймақтарының кеңейгенін байқауға болады. Солардың бірі – қазіргі таңда өзекті болып тұрған мәтін лингвистикасының бір тармағы – мәтіннің бейімделуі (адаптация) мен өзгеруі (трансформация).

Ақпарат тасқыны үздіксіз ағылатын заманауи қоғамда тіл үйренушілерге күрделі мәтіндерді бейімдеп ұсыну ерекше маңызға ие. Бұл үдеріс жаңа ақпаратты қабылдауға лайықталған көмекші құрал – бейімделген мәтіндерді қолдану арқылы жүзеге асады.

Мәтін лингвистикасына тоқталатын болсақ, оның бастау көздері ерте дәуірлерден қалыптасқанын байқаймыз. Жалпы мәтін теориясы ауқымды ғылым саласы ретінде лингвистика мен әдебиеттанудан бастап, философия мен әлеуметтануға дейінгі түрлі пәндердің өзара ықпалдасуы нәтижесінде дамып келеді. Мәтін гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі салаларында жан-жақты қарастырылып, зерттелуде. Сол кең ауқымды зерттеу аймағынан тіл білімінің бір тармағы ретінде мәтін лингвистикасы қалыптасып, дамуда. Құрылымдық лингвистика аясында мәтін теориясы XX ғасырдың ортасында ерекше қарқын алды. Структурализм мәтінді жүйе ретінде қарастырып, оның синтаксистік, семантикалық және прагматикалық құрылымдарын талдауға бағытталды. Құрылымдық лингвистиканың негізін қалаушылардың бірі Фердинанд де

Соссюрдің тіл және таңбалар жүйесіне қатысты идеялары мәтін лингвистикасының дамуына елеулі ықпал етті.

Мәтін лингвистикасы – бұл лингвистиканың құрылымы мен грамматикасынан бастап семантикалық және коммуникативті аспектілерге дейінгі әртүрлі деңгейдегі мәтіндерді талдаумен айналысатын саласы. Талдаудың мақсаты – заңдылықтарды, ақпаратты беру тәсілдерін және мәтіндегі мәндерді қалыптастыру механизмдерін анықтау. Мәтін лингвистикасы дербес бағыт ретінде XX ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Дегенмен синтаксис пен семантика мәселелері бұған дейін де ғылыми тұрғыдан қарастырылғаны белгілі.

Зерттеу барысында мәтін лингвистикасына қатысты ғалымдардың көзқарастарына аналитикалық шолу жасалды. Мәселен, отандық ғалымдарымыздың бірі М.К. Ахметова: «Мәтін лингвистикасының мақсаты – өзара байланысты сөйлеудің тұтасымға ұйымдасу ерекшелігін және басты категорияларын сипаттау» деген тұжырым ұсынады (Ахметова, 2004). Шетелдік ғалымдар да мәтінге және мәтін лингвистикасына қатысты маңызды пікірлер білдірген. Мәселен, М.Бахтин мәтінді «гуманитарлық пәндердің бастау нүктесі» деп бағалаған (Бахтин, 1979).

Мәтін – барлық тілдік бірліктерді жүзеге асыратын күрделі тілдік құрылым, әрі өзіндік зерттеу нысаны бар тілдік белгі. Мәтін лингвистикасындағы өзекті бағыттардың бірі ретінде мәтінді бейімдеу үдерісін атауға болады. Қазіргі уақытта мәтін лингвистикасына қатысты көптеген іргелі мәселелердің сәтті шешімін тауып келе жатқаны байқалады. Атап айтқанда, зерттеу пәні айқындалып, мәтіннің семантикалық, құрылымдық, сондай-ақ коммуникативтік ұйымдастырылуының негізгі заңдылықтары сипатталуда. Сонымен қатар мәтін жанрының ерекшеліктерін ескеру маңызды екендігі анық. Осыған байланысты И.Р. Гальперин мәтіннің толықтығы тек оның формасында ғана емес, мазмұнында да айқындалатынын атап көрсетеді. Ғалым мазмұндағы негізгі көрсеткіштің нақты ақпараттың берілуінде жатқанын алға тартады (Гальперин, 1981).

Мәтінге қатысты кең ауқымды зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – М. Бахтин. Ол «Мәтін – бұл гуманитарлық ойлаудың басы» деген тұжырым жасап, бұл пікір көптеген зерттеушілердің көзқарастарымен үндеседі (Бахтин, 1979). Сондай-ақ әйгілі неміс зерттеушісі З.Й. Шмидт мәтінді бастапқы әрі негізгі категория ретінде қарастырған (Шмидт, 1978). Қазіргі таңда мәтін туралы деректерді көптеген зерттеушілердің еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, М.А.К. Halliday тілдің негізгі бірлігі сөз де, сөйлем де емес, мәтін болып саналатынын атап көрсетеді (Halliday, 1974). Ғалымдардың мәтінге байланысты тұжырымдарын жүйелей отырып, мәтінді тәуелсіз тіл бірлігі ретінде қарастыруға болады. Соның нәтижесінде мәтін лингвистикасы ғылымның жаңа саласы ретінде әртүрлі бағыттағы ғалымдардың назарын аударып, пәнаралық зерттеулердің маңызды нысанына айналып отыр. Хартманн өз еңбектерінің бірінде қазіргі уақытта мәтінді зерттеуге бағытталған лингвистиканың бар екенін атап өтеді. Оның пікірінше, бұл сала өз жұмысын табысты жүргізіп қана қоймай, тілдік зерттеулердің ең озық нысандарын қарастыруда. Сонымен қатар ол лингвистикадағы қызығушылық ауқымын кеңейтіп, барлық лингвистикалық идеяларды қамтитын жаңа бағыттарды ашуға ықпал етуде. Зерттеу пәнінің ерекшелігі осы салаға лингвистикалық ізденістерге жаңа мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды (Hartmann, 1971).

Мәтінді зерттеуге деген қызығушылық қазіргі тіл білімінде ғаламдық құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл, ең алдымен, мәтінді коммуникацияның тұтас құралы ретінде қарастыруға, тілдің мәтін арқылы жүзеге асатын адам қызметінің түрлі аспектілерімен байланысын тереңірек зерттеуге деген ұмтылыспен түсіндіріледі. Мұндай қызығушылық мәтін арқылы тілдің мәңгілік тірі әрі көпқырлы болмысының сақталуына, сондай-ақ сөйлемнен үлкен сегменттерде ғана айқындалатын тілдік заңдылықтарды тануға ұмтылыспен байланысты. М.А.К. Хэллидейдің «Тіл – мәтін құру функциясы» деген тұжырымы бұл тұрғыда өте орынды (Halliday, 1978). Себебі тіл мәтін арқылы жүзеге асады, ал тіл үйрету үдерісінде мәтін бейімделіп, өңделеді. Отандық ғалымдардың еңбектерінде де мәтінге түрлі анықтамалар берілген. Мәселен, Ф. Оразбаева мәтінді «Қатысымдық бірліктердің ішінде мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін тілдік жүйе» деп сипаттайды. Оның пікірінше, мәтін – мағыналық байланыстағы сөйлемдердің жиынтығы ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынастың нәтижесі (Оразбаева, 2000). Ал Г. Смағұлова мәтінді «Тіл жүйесінде өзінің табиғатына сәйкес тек сөйлемдердің тізбегі емес, мағыналық әрі

құрылымдық жағынан күрделі тұтастық» деп анықтайды. Ол мәтінді логикалық, грамматикалық және мағыналық байланыстарға сүйенетін, толыққанды мазмұнды қамтитын қарым-қатынастың біртұтас бірлігі ретінде түсіндіреді (Смағұлова, 2010).

Ғалымдардың пікірлерімен келісе отырып, мәтін лингвистикасы – бұл мәтіннің табиғатын, оның құрылымын, функцияларын, сондай-ақ мәтіннің оқырманмен өзара әрекеттесу тәсілдерін зерттейтін гуманитарлық ғылымдар саласының бір бағыты деп қарастыра аламыз. Қазіргі таңда лингвистиканың жас әрі қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі ретінде мәтін лингвистикасы қолданбалы тұрғыдан ерекше мәнге ие. Бұл бағыт мәтіндердің жасалу және түсіндірілу жолдарын, олардың құрылымдық ұйымдасуын, әртүрлі контексттердің (мәдени, әлеуметтік, тарихи және тілдік) ықпалын қарастырумен қатар, мәтіндерді бейімдеудің мүмкін бағыттарын айқындауды да мақсат етеді.

Мәтінді зерттеу барысында оның түрлі бағыттары мен негізгі ұғымдары анықталды. Мәтіннің теориялық аспектілерінің бағыттары мен негізгі ұғымдары Сурет 1-де көрсетілген. Осыған сүйене отырып, мақалада мәтінді қолданбалы тұрғыдан, тілдік деңгейге сәйкес қалай бейімдеуге болатыны қарастырылды.



Сурет 1 – Мәтіннің негізгі бағыттары мен ұғымдары
Рисунок 1 – Основные направления и понятия текста
Figure 1 – Main Approaches and Concepts of the Text

Материал және әдістер

Мақалада жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Зерттеу барысында талқыланған мәселелерге қатысты қажетті материалдар мен фактілер жинақталып, сұрыпталып, талданды. Жиналған мәліметтер негізінде теориялық тұжырымдар мен болжамдар жасалды.

Мақалада қолданылған әдістерге жинақтау, талдау, топтастыру, сипаттау және салыстыру жатады. Осы әдістер мәтін лингвистикасындағы өзекті мәселелерді қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мақаланың талқылау бөлімінде мәтінді бейімдеудің редукция әдісі қолданылды. Редукция – сюжеттік емес элементтерді алып тастау арқылы мәтінді түрлендірудің лингвистикалық әдісі. Бұл әдістің ерекшелігі – мәтіннің тілдік өзгерістер арқылы немесе өзгеріссіз бейімделген нұсқаға айналуында көрінеді. Әдіс мәтіннің құрамдас бөліктерін біріктіретін үзінділерде жүзеге асады.

Редукция техникасын көпқұрамды әдіс деп сипаттауға болады, өйткені онда алып тастау, толықтыру, алмастыру, инверсия және дәйексөз сияқты элементтер біріктіріледі. Дегенмен бұл әдістің ішкі тәсілдерін жеке қарастыруға болмайды: олардың әрекеті мен қызметі белгілі бір

синтез аясында біртұтас түрде іске асады. Себебі қысқартылған фрагмент салыстырмалы мағыналық тұтастыққа ие болып, аяқталған микро мәтін ретінде әрекет ете алады.

Әдебиетке шолу

Мәтінді лингвистикалық тұрғыдан бейімдеудің жолдарын қарастырмас бұрын, алдымен теориялық негіздер зерттеліп, осы бағыттағы еңбектерге аналитикалық шолу жүргізілді. Мәтін лингвистикасы «тілдің жинақталған бірліктерін» зерттейтін дәстүрлі тәсілдерді жан-жақты қырынан қарастырады (Мырзабек, Мамбетова, 2023). Адаптация мен трансформация ұғымдары лингвистикада бір-бірімен тығыз байланысты екендігі анық. Трансформациялық әдіс күрделі синтаксистік құрылымдарды қарапайым нұсқаға келтіруге мүмкіндік береді. Бұл әдістің негізгі ұстанымдарын XX ғасырдың 50-жылдарының басында З. Харрис (АҚШ) ұсынған. Сонымен қатар, Ш. Балли мен О. Есперсен еңбектерінде трансформациялық әдіс дәстүрлі еуропалық тіл біліміндегі синтаксистік транспозиция тұжырымдамасына сәйкес келетіндігі көрсетілген. Ғ.Қалиев өз зерттеуінде осы мәселеге кеңінен тоқталған (Қалиев, 2005).

Табиғи тілдердің синтаксистік типтері қарапайым ядролық үлгілерге негізделіп, оларға аздаған трансформациялық өзгерістер енгізілетіні жайындағы тұжырым Н. Хомскийдің (АҚШ) генеративтік грамматика теориясына арқау болды. Белгілі болғандай, трансформациялық генеративтік грамматика семантика мен септік грамматикасының, сондай-ақ тілдің өзге формалды модельдерінің жасалуына түрткі болды (Қалиев, 2005). Сол себепті қазіргі таңда тіл үйренушілерге арналған арнайы бейімделген мәтіндер маңызды болып отыр. Лингвистикалық адаптация – ішкі лингвистикадағы тілдік бірліктер арасындағы қатынас жүйесін пайдалана отырып, мәтінді реттеу және жүйелеу процесі. Мәтінді зерттеу жан-жақты процесс екені белгілі, сол себепті ғалымдардың бұл тақырыпқа қатысты тұжырымдары да көп, бұл мәтін зерттеу бағытының кеңейгенін көрсетеді. Енді осыны нақтылау үшін төменде ғалымдардың пікірлеріне аналитикалық шолу жасаймыз.

Мәтінді түсінудегі қиындықтар мәтіннің тілдік көрінісіне (лексика, синтаксистік, стилистикалық ерекшеліктер) байланысты болуы мүмкін. Осындай тұжырымдарға сүйене келе, С.В. Первухина өз зерттеуінде мәтінді бейімдеудің екі бағытын көрсетеді. Тілді жеңілдету (яғни формасы жағынан) және мәтін идеясын жеңілдету (яғни мазмұны жағынан), осылайша белгілі бір фондық білімі бар оқырман жаңа ақпаратты өзінше қабылдай алатынын айтады (Первухина, 2015).

Кез келген заттың мәні, табиғаты көне заманнан дәстүрге айналған әмбебап философиялық «материя» және «форма», «форма» және «мазмұн» категориялары арқылы анықталатыны белгілі. Соның нәтижесінде мәтінді талдау осы қарсылықтың төңірегінде табиғи түрде дамиды. Осы «форма» мен «мазмұн» элементтері мәтінді бейімдеуде де маңызды рөл атқарады. Мәтіннің формасын жеңілдету көбінесе мазмұнды ықшамдау және мәтіндегі күрделі элементтерді алып тастау арқылы жүзеге асады. Бұл, өз кезегінде, синтаксистік құрылымдардың өзгеруін, сирек кездесетін немесе аз қолданылатын сөздердің азаюын білдіреді. Осы кезде мәтін біршама қысқартатыны анық. Ал мәтіндегі мазмұнды оңтайландыру, бейтаныс сөздер мен ұғымдарды түсіндіру оқырманның фондық білімін толықтыру жұмысын жақсартады. Бұдан біз нені байқаймыз? Жалпы бейімделген мәтіннің екі жақты процесте жүзеге асып отырғаны. Негізгі түпнұсқа мәтін идеясын сақтап қалу арқылы оқырманның қызығушылығын оятуға болады. Бұл мақсатқа бейімделген мәтінде оқырман деңгейіне сәйкес жеңіл сөздерді және жай сөйлемдерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Алайда бейімделген мәтіннің мазмұнын жеңілдету барысында түсіндіру форматын пайдалану арқылы кейбір бөлімдердің сәл күрделендіріліп, топтастырылғанын байқауға болады. Соған байланысты С.В. ИONOBA «Жаңа коммуникативтік жағдайларда мәтін көбінесе ақпараттарды жеңілдетуді қажет етпейді, керісінше, оның күрделенгендігін, жалпылануын талап етеді» деген тұжырым айтады (ИONOBA, 2006).

Жалпылау, түсіндіру оқырманға бейтаныс немесе түсініксіз ұғымдарға қатысты болып келетіні белгілі. Қай жағдайды алып қарасақ та, түпнұсқа мәтіннің көлемі өзгерген кезде, оның құрылысы мен құрамы да өзгеріске ұшырайды. Алайда, соған қарамастан, мәтінді бейімдеп ұсыну – лингвистикадағы өте өзекті мәселелердің бірі. Мәтінді бейімдеудегі зерттеулер лингвистика мен әдебиеттанудан, мәдениеттану мен медиа теориясына дейінгі көптеген пәндерді қамтиды. Мәтінді бейімдеу, шығармаларды басқа формаларға немесе басқа аудиторияларға түрлендіру процесі бастапқы материал мен оның жаңа интерпретациясы арасындағы күрделі өзара әрекеттесуді

білдіреді. Сол себепті, кіріспеде атап өткеніміздей, бұл тақырып гуманитарлық ғылымдар саласында аса өзекті болып табылады. Себебі «адаптация» термині лингвистикада ғана емес, аударма ісінде де маңызды. Мәселен, бір аударма жасалғанда арнайы адаптация жүргізіледі. Сол сияқты белгілі бір тілдегі түпнұсқа мәтіндегі адаптация қазіргі таңда маңызды болып отыр. Көркем мәтін, медициналық мәтін, заңнамалық құжат немесе ғылыми мәтін болсын, жалпы түсінікті болуын қамтамасыз ету үшін мәтінді лингвистикалық адаптация арқылы ұсыну, оқырман тіліне ыңғайлап беру және тілдік құрылымдарды ескере отырып жұмыс жасау күрделі үдеріс болып табылады. Мәтінді бейімдеу – түпнұсқа шығарманы екіншілік мәтінге айналдырып, өңдеп, оңтайландырып, белгілі бір оқырман аудиториясына ыңғайландыруды білдіреді. Бұл үдеріс мәтіндегі ақпаратты жаңа аудиторияға немесе басқа тілде сөйлейтін тұлғаларға (тіл үйренушілерге) қолжетімді әрі түсінікті етуге бағытталған. Сонымен қатар мәтіннің құрылымы, тілі, мәдени және әлеуметтік аспектілері де ескеріліп, олардың бейімделу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Бейімдеудің маңызды аспектісі – түпнұсқаның негізгі мағынасы мен мазмұнын сақтау, сонымен қатар оны өзекті және жаңа аудиториялар үшін қолайлы ету. Мысалы, фильмді кітаптан бейімдеу кезінде кейбір сюжеттік желілерді жеңілдетуге немесе фильм форматына жақсырақ сәйкестендіру үшін бөлшектерді өзгертуге болады. Біздегі қарастырылып жатқан бейімдеу объектісі – мәтін. Бейімделу көбінесе екпінді таңдауды, оқиға қарқынын өзгертуді және жаңа контексте түсініксіздеу элементтерді қайта өңдеуді қамтиды. Бұл үдеріс шығармашылықты және түпнұсқа жұмысты құрметтеуді талап етуі мүмкін, сонымен қатар түпнұсқаға адалдықты сақтай отырып, жаңа аудиторияны тарту қажеттілігін теңестіруді де қарастырады. Тілдік бірліктердің грамматикалық құрылымдарының сақталуы маңызды болып табылады. Осылайша, мәтінді бейімдеу шығарманың аудиториясын кеңейтуде және оны басқа мәдени және медиа контексттерге интеграциялауда басты рөл атқарады.

Осы саладағы ғылыми жұмыстың тақырыбын анықтайтын мәтіннің екі негізгі қасиеті – бірізділік пен тұтастық – «тіл» және «сөйлеу» ұғымдарымен сәйкес келеді. А.В. Брыгина: «Бірізділік – мәтіннің тілдік қасиеті, ал тұтастық – сөйлеу қасиеті деп айта аламыз» деген пікірді ұсынады (Брыгина, 2004). В. Гумбольдт тіл мен сөйлеудің әртүрлі табиғаты туралы «...бөліну – тілдің түпкі мәні. Онда бөлшек немесе тұтас бола алмайтын ештеңе жоқ және оның үздіксіз әрекетінің тиімділігі оның бөлімдері мен комбинацияларының қарапайымдылығына, дәлдігіне және жүйелілігіне байланысты», дейді. Түпнұсқа және бейімделген мәтіндерді салыстырмалы талдау арқылы төрт лингвистикалық қағида немесе бейімделу әдісі анықталғанын көрсетеді. Олардың әрқайсысында жеке сипаттамалар мен функциялар жиынтығы бар екендігін де айтады. Зерттеуші А.В. Брыгина ауыстыру, азайту, қосу, инверсия функцияларын мысалға келтіреді (Брыгина, 2004).

Трансформация ақпаратты өңдеу әдісі ретінде тіл мен сөйлеу қызметінің кең саласының құбылысы болып табылады. Ойдан сөзге, формадан мазмұнға, автордан оқырманға ауысу процесі – бұл трансформациялар болып табылады және олардың механизмдері жан-жақты қарастырылып, зерттеледі. Сонымен қатар бұл мәселені шешудің әртүрлі тәсілдеріне қарамастан, нәтижелер ұқсас болары анық. Мысалы, Н. Хомскийдің генеративті лингвистикасы, лингвистикалық түрлендірулердің әсерін былай түсіндіреді: «Түрлендірудің арқасында таңбаларға төрт түрлі операцияны орындауға болады: таңбаларды қосу, түсіру (өшіру), қайта реттеу және ауыстыру» (ЛЭС, 1990). А.А. Вейзенің мәтінді зерттеудің лингвистикалық және психоллингвистикалық әдістерінің түйіскен жерінде жазылған кітабында: «Мәтінді түрлендірудің семантикалық операциялары салыстыру, талдау, синтез, жалпылау, абстракция және нақтылау сияқты күрделі ойлау операцияларының тұтас кешенімен байланысты» деген пікірін байқай аламыз. Сонымен қатар А.А. Вейзе мәтінді қайта құру (реконструкция) келесі операцияларға бөлінеді дейді: а) материалдарды алып тастау; ә) дәйексөз, б) жеке бөліктерді жылжыту, ауыстыру; в) толықтыру; г) түпнұсқада егжей-тегжейлі айтылғанды ықшамдау; ғ) бір мазмұнды мағынасы әртүрлі басқа мазмұнмен ауыстыру (Вейзе, 1985).

Осы саланың зерттеуші ғалымдарының пікірлерімен келісуге болады. Себебі мәтінді зерттеу жан-жақты тәсілді қажет етеді. Қазіргі таңда тілдік бірліктердің қолданылу аясы, сондай-ақ олардың мәтіндегі рөлі зерттеудің негізгі объектілерінің бірі болып отыр. Осыған байланысты

«адаптация» термині тілдік зерттеулерде кеңінен қолданылуда. Мәтінді түсіну барысында бірліктерді қосу немесе азайту мүмкіндіктерін қарастыру арнайы зерттеуді талап етеді. Бейімдеу мәселесі қазіргі заманғы лингвистиканың барлық қырынан өзектілігін сақтап отыр.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі заманғы зерттеулердің қорытындылары көрсеткендей, мәтінді бейімдеу әрқашан автор, адаптер және аудитория арасындағы өзара әрекеттестік нәтижесінде жүзеге асады. Бұл тек аудару немесе түрлендірудің механикалық процесі емес, керісінше мәдени және жанрлық ерекшеліктерді ескеруді қажет ететін шығармашылық әрекет. Бейімделу түпнұсқаның рухын сақтай отырып, жаңа аудиторияның қажеттіліктеріне жауап беруге және таңдалған медиа форматының ерекшеліктеріне сәйкес болуға тиіс. Сондықтан мәтінді бейімдеу саласындағы зерттеулер тек мәтіннің өзгеру аспектілерін ғана емес, сонымен бірге шығармаларды жаңа аудиторияға ұсыну барысында жүретін мәдени, әлеуметтік және психологиялық үдерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мәтін лингвистикасында мәтіннің құрылымы, қызметі, талдау және түсіндіру әдістері сияқты әртүрлі аспектілерін зерттеген ғалымдар аз емес. Бұл салада қалыптасқан бағыттар аясында бірқатар негізгі тұлғаларды атап көрсетуге болады.

Семантика мен синтаксис мәселелерімен айналысқан жетекші орыс тіл ғалымдарының бірі – Ю.Д. Апресян. Ол мәтіннің қарым-қатынас процесінде қалай ұйымдастырылатынын және оның элементтерінің өзара байланысын түсінуге көмектесетін дискурс теориясын жасады. Сондай-ақ оның еңбектерінде мәтінді талдауда маңызды рөл атқаратын лексикалық семантика теориясына қатысты мәселелер де қарастырылған. Бұл тұрғыда көрнекті ғалым М.М. Бахтиннің еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Ол мәтін лингвистикасына зор ықпал еткен көрнекті орыс философы әрі әдебиет теоретигі. Ғалым әзірлеген диалогизм теориясы мәтінді әрқашан үлкен диалогтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады: ол басқа мәтіндермен де, жалпы мәдениетпен де өзара байланыста қабылданады. Оның «мәдени контекст» және «екіншілік сипат» туралы концепциялары мәтінді өзара байланысты элементтер жүйесі ретінде қарастыруға теориялық негіз қалады. Э. Бенвенист – құрылымдық лингвистиканың дамуына зор үлес қосқан француз тіл маманы. Оның тілдің таңбалар жүйесі ретіндегі табиғаты мен мәтінді ішкі құрылымы бар объект ретінде қарастырған еңбектері мәтін теориясының қалыптасуына ықпал етті. В. Шкловский – мәтін формасы мен көркем тілдің ерекшеліктерін зерттеп, әдебиеттануда жаңа бағыттардың дамуына жол ашқан теоретик. Шығармалары когнитивтік лингвистикаға және мәтіннің ойлау процесіндегі рөлін түсінуге елеулі әсер еткен психолог және лингвист – Л.С. Выготский. Ол тілді сана мен пайымдауды қалыптастыру құралы ретінде қарастырды, бұл адамдардың мәтінді қалай қабылдап, қалай түсіндіретінін зерттеу тұрғысынан өте маңызды. Р. Барт – «Автордың өлімі» атты еңбегінде мәтіннің мағынасын жасаудағы оқырман мен контексттің рөлін зерттеген француз философы және теоретигі. Әрқайсысы өз саласы бойынша бұл ғалымдар мәтінді зерттеудің лингвистикалық тәсілдерінің дамуына айтарлықтай әсер етті, үлес қосты. Бұл зерттеушілердің еңбектері мәтіндерді лингвистикалық талдауда, оларды түсіндіруде және бейімдеуде қолданылатын негізгі теориялық бағыттарды қалыптастырды.

Зерттеуші ғалымдардың еңбектерін оқып, талдап, талқылау барысында жалпы көптеген еңбектерде аталатын лингвистикалық талдаудағы мәтіндердің түрлері:

- Көркем әдеби мәтін
- Ғылыми мәтін
- Публицистикалық мәтін (мысалы, журналистика)
- Сөйлеу әрекеті (мысалы, ауызша қарым-қатынас) (Сурет 2).




Сурет 2 – Лингвистикалық талдаудағы мәтіндердің түрлері

Рисунок 2 – Виды текстов в лингвистическом анализе

Figure 2 – Types of Texts in Linguistic Analysis

Төменде мәтін лингвистикасының негізгі бағыттары көрсетілген (Сурет 3).



Сурет 3 – Мәтін лингвистикасында қолданылатын негізгі бағыттар

Рисунок 3 – Основные направления, используемые в лингвистике текста

Figure 3 – Main Approaches Applied in Text Linguistics

Аталған бағыттардың негізінде мәтінді әртүрлі қырынан қарастыруға арналған зерттеулер жүзеге асырылуда. Біздің зерттеуіміздің нысаны – мәтінді бейімдеу. Лингвистикалық адаптация мен трансформация нәтижесінің көрінісі мәтіннің бейнесі. Көркем мәтіндерді бейімдеу кезіндегі композициялық өзгерістер мәтін көлемінің қысқаруымен және оның тілдік көрінісін жеңілдетумен байланысты. Бастапқы мәтінді бейімдеу арқылы алынған қосалқы мәтіннің композициялық құрылымында негізгі оқиға желісін хронологиялық аспектіде сақтау үшін қажетті кейбір ұқсас белгілер болады.

Мәтінді бейімдеу бойынша зерттеулер бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды. Бұл бағыттар мәтіннің аударылуы, мәдени контексті, тілдік ерекшеліктері және аудиторияның ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі мәселелерді қамтып, зерттеуге арналған. Мәтінді бейімдеу туралы негізгі

зерттеу бағыттарына зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарын сұрыптай келе, 3-суреттегі бағыттардың нәтижесінде төмендегі жалпы бейімделу түрлерін жатқызуымызға болады:

Әдеби адаптация (көркем туындылар адаптациясы). Адаптацияны мәтінді интерпретациялаудың бір түрі ретінде қарастырады, онда автор немесе адаптер (автор бейімдеуші) түпнұсқа шығарманы оның құрылымын, тілін немесе формасын өзгерте отырып, қайта өңдейді. Жоғарыда айтып өткеніміздей форманың, мазмұнның өзгеруі, мысалы, киноға немесе театрға арналған сценарийге айналған әдеби шығармаларды келтіруге болады. Бұл саладағы зерттеулер бейімделген нұсқалардың бастапқы мазмұнды қалай сақтайтынын немесе өзгертетінін, мәтіннің қандай элементтері өзгеріске ұшырайды, қайсысы өзгеріссіз қалатынын талдайды. Сондай-ақ адалдық мәселелері мен шығарманы автордың түсіндіруі қарастырылады.

Аудармадағы адаптация мәселесі. Мәтінді бір тілден екінші тілге аудару – тілдің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге мәдени айырмашылықтар да маңызды болатын бейімделудің ерекше түрі.

Медиадағы адаптация (медиа форматтары арасында тасымалдау). Мәтіннің бір медиа форматынан екіншісіне мысалы, кітаптан фильмге, бейне ойынға немесе телехикаяға ауысуы.

Мәдени-әлеуметтік адаптация. Зерттеу тәжірибесі мәтінді бейімдеу мәдени және әлеуметтік шындықты қабылдауға қалай әсер ететінін де зерттейді. Мәселен, шығармаларды басқа аудиторияға бейімдеу кезінде – ол басқа жас тобы, этникалық топ немесе әлеуметтік топ болсын – қабылдауды жеңілдету немесе екпінді өзгерту үшін өзгертулер енгізілуі мүмкін.

Тілдік деңгейге лайықтап бейімдеуде грамматикалық құрылымдар, синтаксистік және морфологиялық ерекшеліктер ескеріледі. Мәтіннің тілдік құрылымы мен формасын өзгерту арқылы бастапқы мағынаны сақтау немесе оқырманға ыңғайлы ету мақсатында өзгерістер енгізіледі.

Мәтінді белгілі бір аудиторияға бейімдеу арқылы тілді меңгеру оңтайланады. Мәтінді бейімдеу тек аударма мен тілдік жұмыс қана емес, сонымен қатар мәдени, психологиялық және әлеуметтік аспектілерді де ескеруді талап ететін кең ауқымды үдеріс.

Ал біздің жұмыстың негізгі мақсаты осы мәтінді бейімдеу барысында лингвистикалық қағидалардың қолданыс аясын ұсыну. Тілдік деңгейге лайықтап бейімдеп беру тәжірибелік жұмысымыздың бір бөлігі.

Негізі тілдік деңгейге бейімдеу кезінде кез келген мәтінді бейімдеген кезде болатын үштік ескеріледі. Олар:

Автор – мәтін – оқырман (түпнұсқа мәтін)

Автор – адаптер (бейімдеуші) – бейімделген мәтін – оқырман (екіншілік мәтін)



Диаграмма 1 – Түпнұсқа мәтін мен бейімделген мәтін байланысы
 Диаграмма 1 – Взаимосвязь оригинального и адаптированного текста
 Diagram 1 – Relationship between Original and Adapted Text

Диаграмма 1-ден біз түпнұсқа мәтін мен бейімделген мәтіннің бір-бірімен байланысын аңғара аламыз. Себебі екі мәтіннің авторы әртүрлі болғанымен, мазмұны сақталып қалады және оны қабылдайтын оқырман да ортақ болып қала береді. Нәтижесінде оқырман бейімделген мәтінді меңгерген соң, шығарманы түпнұсқада оқу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары болатыны айқындалды. Зерттеу жұмысының мақсаты лингвистикалық адаптация арқылы мәтіндерді түсінуді оңтайландыру. Диаграмманы пайдалана отырып, практикадағы құндылық талданды. Лингвистикалық адаптация мен трансформация лингвадидактикалық жақтан қарастырылады. Себебі шет тілін үйренуде бейімделген мәтіндерді ұсыну өте қолайлы, әрі тиімді.

Қазақ тіліндегі мәтіндерді тілдік деңгей бағыты бойынша лингвистикалық бейімдеу жұмысы жүргізілді. Зерттеуге 1-курс шетел студенттері қатысты. Студенттер саны 36, қазақ тілі бойынша деңгейлері А1 болды. Зерттеу барысында қазақ тілі сабағына қатысқан 4 топтың деңгейі А1 екені анықталды. Зерттеу барысында қазақ тілін шет тілі ретінде оқып жатқан студенттерге деңгейлеріне сай арнайы бейімделген мәтіндер ұсынылды. Қазақ тілін үйреніп жүрген студенттерге түпнұсқа мәтін арнайы деңгейлеріне қарай бейімделіп ұсынылды. Оқу барысында мәтінде кездесетін сөздерге лексика-семантикалық талдау жүргізілді.

Бейімделген мәтін мен түпнұсқа мәтінді салыстыру арқылы зерттеу жұмысының экспериментін жасадық. Мәтінді жеңілдетудің нақты тәсілдері мен олардың мағынаны түрлендіру арқылы мәтінді түсінікті етуге ықпалын, сондай-ақ бейімделген мәтінде авторлық стильді сақтау мүмкіндіктерін анықтауға болатынын аңғардық.

Бұл зерттеу экспериментінің бір мәтінін алдық. Қазақ тіліндегі бейімделген мәтін грамматикалық және лексикалық жағынан жеңіл нұсқада ұсынылды. Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесі түпнұсқада ұсынылды. Соның ішінде студенттер үшін түсінуге қиын сөздерді анықтап көрсету міндеттелді. Нәтижесінде, қиын, әрі түсініксіз сөздердің тізімі анықталды. Тізімде: лексикалық мағынаны түсінбеу; алғаш кездестіріп отырған сөздер; контекст ішінде сөз мағынасын анықтаудағы қиындық мәселелері анықталды. Түпнұсқадан соң бейімделген екіншілік мәтін берілді.

Төмендегі кестеде «Таза бұлақ» әңгімесінің талданған (бейімделген) үзіндісі ұсынылды. Осы жерде түпнұсқа мәтін мен екіншілік мәтінді салыстырмалы түрде байқауға болады.

Кесте 1 – Ы. Алтынсарин. «Таза бұлақ» әңгімесі (үзінді)

Таблица 1 – Ы. Алтынсарин. «Чистый родник» (отрывок из рассказа)

Table 1 – Y. Altynsarin. “The Pure Spring” (Excerpt from the Story)

Түпнұсқа	Бейімделген мәтін (екіншілік мәтін)
Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты. (47 сөз)	Үш жолаушы бір бұлақтың басында кездесіпті. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан. Айналасында ағаш көп. Сол ағаш жапырақтары бұлақ үстіне төгіліп тұр. Суы мұздай, салқын, әдемі таза бұлақ. Су шыққан жерге бір тас қойылған. Сол таста жазу жазылған. (37 сөз)

Үш жолаушы бір бұлақтың басында кездесіпті. «Бір-біріне кез болыпты» деген сөздің орнына «кездесіпті» деген сөзді қойып, сөйлем санындағы сөзді азайтып ықшамдадық. Негізгі лингвистикалық адаптациядағы басты ерекшелік мағынаны сақтап, ықшамдап беру болып табылады. Бұл жерде бейімделген сөйлемдерде түсініксіз сөздерді біріктіру тәсілі қолданылып, сөйлемнің негізгі мағынасы сақталып қалды. Мысалы, екінші сөйлем құрмалас сөйлем болғандықтан, біз сол сөйлемді жай сөйлемдерге бөлдік. Ал, келесі сөйлем де құрмалас болғандықтан оны да бөліп, түсініксіз сөздерді, жеңіл сөздермен ауыстырдық. Сонымен қатар, грамматикалық жақтан сөйлем құрылысын өзгерту жұмысы жүргізілді, алайда түпнұсқадағы негізгі ой сақтаулы күйінде қалды. Бұл жерде лингвистикалық адаптациядағы редукция әдісі қолданылды.

Студенттерге түсініксіз болған сөздер: *бір-біріне, кез, қалың біткен, шыныдай жылтылдап,*

бір қазандай, ойып, қорғаныш, суағар, манағы, қанған және т.б. сөздер болды.

Түпнұсқадағы түсініксіз сөздер контекстке сәйкес өзгертіліп, лексикалық және грамматикалық интерпретация жасалды. Бейімделген мәтін нұсқасын студенттерге ұсынғанда мәтіндегі тақырыпты, идеяны, мәтінді түсіну көрсеткіші жоғарылағаны аңғарылды. Төмендегі диаграммаларда түпнұсқа мен екіншілік мәтіндегі ерекшеліктер көрсетілген.



Диаграмма 2 – Түпнұсқа мәтін көрсеткіші
 Диаграмма 2 – Показатель оригинального текста
 Diagram 2 – Indicator of the Original Text



Диаграмма 3 – Бейімделген мәтін көрсеткіші
 Диаграмма 3 – Показатель адаптированного текста
 Diagram 3 – Indicator of the Adapted Text

Диаграмма 2-де студенттерге ұсынылған түпнұсқа мәтінді түсінуде қиындық тудырған тұстар көрсетілген. Ал Диаграмма 3-те студенттерге А1 деңгейіне бейімделген мәтінді ұсыну барысында енгізілген өзгерістер көрсетілген.

Белгілі зерттеуші ғалым Дж. Вершуерен (2018) «Бейімделу және мағына әлеуеті» мақаласында потенциал деңгейлерін ұсынады. 1-деңгей – мағына тек әлеуетті формада болатын, ажыратылмаған әрі барынша кең контекстік орта. 2-деңгей – мағынаны қалыптастыру негізінде

жатқан үш когнитивтік қабілеттің белсендендірілуі арқылы құрылатын неғұрлым құрылымдалған және ұйымдасқан контекстік орта. 3-деңгей – нақты мағыналарды белгілі бір лингвистикалық құралдар арқылы анықтауға мүмкіндік беретін тілдік механизмдер деңгейі (Verschueren, 2018). Осы үш деңгейдің нәтижесінде зерттеуші ғалым мағыналық әлеуетті картографиялық әдіспен бейнелеуге болатындығын ғылыми мақаласында көрсетті. Зерттеудегі негізді идея «тіл мағына тудыру құралы ретінде қызмет етеді». Сонымен қатар, динамикалық үдерістерді сипаттау барысында мыналар ескерілуі тиіс:

1. Тілдік құралдарды таңдау және интерпретациялау барысында олардың контекстуалдық және құрылымдық координаттары.

2. Адам ойлау құрылымындағы осы үдерістердің орны (Verschueren, 2018).

Дж. Вершуерен, мағынаны қалыптастыруды зерттеу үш негізгі өлшемді талдауды талап етеді деп арнайы схемасын көрсетті. Бұл ғылыми мақаладағы зерттеулерге сүйене отырып, бейімдеу мен мағына әлеуетінің бір-бірімен тығыз байланысын байқаймыз. Себебі, бейімдеу кезінде түпнұсқа мәтін мен бейімделген мәтін арасындағы айырмашылық деңгей нәтижесінде болса да, мәтіндегі мағына сақталуы керек. Тілдік бейімделу теориясын (Linguistic Adaptation Theory) дамытуға айтарлықтай үлес қосқан ғалымның әрбір еңбегі тілдің бейімделу мәселесін жан-жақты қарастырады. Дж. Вершуереннің «Бейімделу және мағына әлеуеті» мақаласындағы тұжырымдар мағынаның қалыптасуын динамикалық, көп деңгейлі үдеріс ретінде қарастырады. Оның ұсынған үш деңгейлі моделі тілдік мағынаны әлеуетті мүмкіндіктерден бастап, нақты лингвистикалық құралдар арқылы іске асқан формаға дейінгі кезеңдер негізінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл модель тілдің тек статикалық жүйе емес, үнемі өзгеріп, бейімделетін күрделі механизм екенін көрсетеді. Әсіресе, мағынаны қалыптастыруда когнитивтік қабілеттердің белсенді рөл атқаратынын атап өту маңызды. Тілдік құралдарды таңдау мен интерпретациялау контекстке және құрылымға тәуелді болғандықтан, олардың динамикасын зерттеу мағына әлеуетін тереңірек түсінуге жол ашады.

Қорытынды

Мақалада мәтін лингвистикасы бойынша тұжырымдар ұсынылды. Мәтін лингвистикасы – бұл мәтіндерді олардың құрылымы, қызметі және интерпретациясы тұрғысынан зерттеуге арналған ғылым саласы. Бұл тұрғыда семантика, синтаксис, прагматика, стилистика және дискурстық талдау сияқты көптеген ғылыми деректер мен теориялар қолданылады. Қазіргі таңдағы мәтін адаптациясы мәселесі қарастырылды. Себебі кез келген ғылым саласында бейімделу мәселесі бар. Тілдегі мәтіннің бейімделуі белгілі бағыттардың нәтижесімен тәжірибелік тұрғыда байланысады. Лингвистикалық адаптация дегеніміз – белгілі бір мәтінді тілдік ерекшеліктерге қарай бейімдеп беру. Лингвистикалық бейімделу – бұл бір тілде жазылған немесе ауызша айтылған мәтіннің немесе сөйлеудің басқа тілдің немесе мәдени контексттің тілдік, мәдени және әлеуметтік нормаларына сәйкес келетіндей түрлену үдерісі. Бұл аударманы ғана емес, басқа мәдениеттегі тілді қабылдау және қолдану ерекшеліктеріне байланысты бірқатар өзгерістерді де қамтиды.

Жалпы бейімделу бағыттарын талдау арқылы қазіргі таңдағы мәтіндегі тілдік бейімделу қай бағытта болмасын өзекті. Мәтіннің бейімделуі тілдік тұрғыдан барлық гуманитарлық салалармен тығыз байланыста екендігі айқындалды. Мәтін – күрделі құбылыс. Соның нәтижесінде зерттеу бағыттары да сан алуан. Мәтіндерді бейімдеу тек стильдік, грамматикалық, лексикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар жас ерекшелігіне қарай да маңызды екендігі анықталды. Бұл мақалада біз көркем мәтіндегі адаптация мәселесін көрсеттік, келесі зерттеулерде ғылыми мәтіндердің бейімделу мәселесін қарастырамыз. Себебі бұл мәселе жоғарыда келтірілген ақпараттарды талдай келе, күрделі жұмыстардың өнімді нәтижесі екендігін байқаймыз. Мәтін дегеніміз – ақпарат. Сол ақпаратты түсінуді оңтайландыру үшін мәтіндерді бейімдеп беру жауапкершілікті талап етеді. ХХІ ғасыр біліммен өлшенбек. Болашақтың бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал ететін, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән екендігі анық. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, дамуы, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты болатыны анық. Біздің зерттеуіміздің мақсаты – ақпаратты қолжетімді, түсінікті әрі пайдалы ету. Осыған байланысты біз қазақ мәтіндері негізінде лингвистикалық адаптацияны зерттеудеміз.

Әдебиеттер

- Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құрал. – Орал: Ағартушы, 2008. – 148 б.
- Бахтин М.М. Проблема текста в лингвистике, филологии и других гуманитарных науках. Эстетика словесного творчества. – Москва, 1979. – 281 с.
- Брыгина А.В. Лингвистические принципы адаптирования художественного текста: дис. ... к.филол.н., 10.02.01. – Москва, 2004.
- Вейзе А.А. Чтение, реферирование и аннотирование иностранного текста. – Москва: Высшая школа, 1985. – 127 с.
- Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – 139 с.
- Ионова, С.В. Аппроксимация содержания вторичных текстов: дис. ... к.филол.н., 10.02.19. – Волгоград, 2006.
- Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 400 б.
- Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1990. – 682 с.
- Мырзабек Б.М., Мамбетова М.К. Мәтін лингвистикасы: жалпы шолу және өзекті мәселелер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №4(192).
- Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.
- Первухина С.В. Структурно семантические и дискурсивнопрагматические характеристики адаптированного текста: дис. ... к.филол.н., 10.02.19. – Ростов-на-Дону, 2015.
- Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: оқулық. – Алматы: Алматы қаласы әкімдігі «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2010. – 148 б.
- Хэллидей М.А.К. Место функциональной перспективы предложения (ФПП) в системе лингвистического описания // В кн.: Новое в зарубежной лингвистике. Вып. VIII. – Москва, 1978. – 139 с.
- Шмидт З.И. «Текст» и «история» как базовые категории // В кн.: Новое в зарубежной лингвистике. Вып. VIII. – Москва, 1978. – 91 с.
- Halliday, M.A.K. Language Structure and Language Function in New Horizons in Linguistics. London, 1974. 145 p.
- Hartmann, P. Text als Linguistisches Objekt. In: Beitrage zur Textlinguistik. München, 1971. P. 9-29.
- Verschueren, J. Adaptability and meaning potential. Paper presented at the 20th International Congress of Linguists: The Dynamics of Language, Cape Town, 2-6 July 2018. UCT Press. P. 93-109.

References

- Ahmetova, M.K. (2008) *Matin lingvistikasy: Oqu-adistemelik qural*. Oral: Agartushy. 148 b. [Akhmetova, M.K. (2008) *Text Linguistics: Educational and methodological tool*. Ural: Agartushy. 148 p.] (in Kazakh)
- Bahtin, M.M. (1979) *Problema teksta v lingvistike, filologii i drugih gumanitarnykh naukah – Jestetika slovestnogo tvorchestva*. Moskva. 281 s. [Bakhtin, M.M. (1979) *The problem of text in linguistics, philology and other humanitarian sciences. Esthetics of verbal creativity*. Moscow. 281 p.] (in Russian)
- Brygina, A.V. (2004) *Lingvisticheskie principy adaptirovaniya hudozhestvennogo teksta: dis.*, 10.02.01. [Brygina, A.V. (2004) *Linguistic principles of adaptation of artistic text: dis.*, 10.02.01.] (in Russian)
- Gal'perin, I.R. (1981) *Tekst kak ob'ekt lingvisticheskogo issledovaniya*. Moskva: Nauka. 139 s. [Galperin, I.R. *Text as an object of linguistic research*. Moscow: Nauka. 139 p.] (in Russian)
- Halliday, M.A.K. (1974) *Language Structure and Language Function in New Horizons in Linguistics*. London. 145 p. (in English)
- Halliday, M.A.K. (1978) *Mesto funkcional'noj perspektivy predlozheniya (FPP) v sisteme lingvisticheskogo opisanija*. V kn.: *Novoe v zarybejnoi lingvistike*. Vyp. VIII. Moskva. 139 s. [Halliday, M.A.K. (1978) *Place of Functional Perspective of Propositions. (FPP) in the System of Linguistic Description*. In the book: *New in Foreign Linguistics*. Vyp. VIII. Moscow. 139 p.] (in Russian)
- Hartmann, P. (1971) *Text als Linguistisches Objekt*. In: *Beitrage zur Textlinguistik*. München. S. 9-29. (in German)
- Ionova, S.V. (2006) *Approksimacija sodержaniya vtorichnyh tekstov: dis*. 10.02.19. Volgograd. [Ionova, S.V. (2006) *Approximation of the content of secondary texts: dis*. 10.02.19. Volgograd.] (in Russian)
- Lingvisticheskij jenciklopedicheskij slovar`* (1990) Moskva: Sovetskaja jenciklopedija. 682 s. [Linguistic encyclopedic dictionary. Moscow: Soviet encyclopedia. 682 p.] (in Russian)
- Myrzabek, B.M., Mambetova, M.K. (2023) *Matin lingvistikasy: zhalpy sholu zhane ozekti maseleler KazUU habarshysy. Filologija serijasy. №4(192)*. [Myrzabek, B.M., Mambetova, M.K. (2023) *Text linguistics: general overview and current issues Bulletin of the Kazakh National University. Philology series. No.4(192)*.] (in Kazakh)
- Orazbaeva, F.Sh. (2000) *Tildik qatynas: teorijasy men adistemesi. Oqu quraly*. Almaty: Y. Altynsarin atyndagy Qazaqtyng bilim akademijasynyng Respublikalyq baspa kabineti. 208 b. [Orazbayeva, F.Sh. (2000) *Language communication: theory and methodology. Textbook*. Almaty: Republican Publishing House of the Kazakh Academy of Education named after Y. Altynsarin. 208 p.] (in Kazakh)
- Pervuhina, S.V. (2015) *Struktorno-semanticheskie i diskursivno-pragmaticheskie harakteristiki adaptirovannogo teksta: dis*. 10.02.19. Rostov-na-Donu. [Pervukhina, S.V. (2015) *Structurally semantic and discourse-pragmatic characteristics of the adapted text: dis*. 10.02.19. Rostov-on-Don.] (in Russian)
- Qaliev, G. (2005) *Til bilimi terminderining tusindirme sozdigi*. Almaty: Sozdik-Slovar`. 400 b. [Kaliyev, G. (2005) *Explanatory dictionary of linguistic terms*. Almaty: Sozdik-Slovar. 400 p.] (in Kazakh)

- Schmidt, Z.Y. (1978) “Tekst” i “istoriya” kak bazovye kategorii. V kn.: Novoe v zarubezhnoj lingvistike. Vyp. VIII. Moskva. 91 s. [Schmidt, Z.Y. (1978) “Text” and “history” as basic categories. In the book: New in Foreign Linguistics. Vyp. VIII. Moscow. 91 p.] (in Russian)
- Smagulova, G. (2010) Korkem matin lingvistikasy: oqulyq. Almaty: Almaty qalasy akimdigi “Til” oqu-adistemelik ortalygy. 148 b. [Smagulova, G. (2010) Linguistics of artistic text: textbook. Almaty: Language educational and methodical center of Almaty city administration. 148 p.] (in Kazakh)
- Verschueren, J. (2018) Adaptability and meaning potential. Paper presented at the 20th International Congress of Linguists: The Dynamics of Language, Cape Town, 2-6 July. UCT Press. P. 93-109. (in English)
- Veyze, A.A. (1985) Chtenie, referirovanie i annotirovanie inostrannogo teksta. Moskva: Vysshaya shkola. 127 s. [Weise, A.A. (1985) Reading, referencing and annotating foreign text. Moscow: Vysshaya shkola. 127 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 14.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Мырзабек Б.М., Медетбекова П.Т., Калбирова Т.Н., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

